

Заңды тұлғалар-Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 13 ұыркүйектегі N 11 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 10 қазандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4416 болып енгізілді. Күші жойылды - ҚР Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің 2007.07.02. N 02-02/158 Бұйрығымен

Ескерту. ҚР Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 13 қыркүйектегі N 11 Бұйрығының күші жойылды - ҚР Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің 2007 жылғы 2 шілдедегі N 02-02/158 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы" Заңы 6 бабының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Заңды тұлғалар-Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын тіркеу (қайта тіркеу) Ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Қазақстан Республикасы Алматы қаласының "Өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің (әрі қарай - Агенттік) тіркеу Департаментіне:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуіне шаралар қолданылсын;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он күндік мерзім ішінде Агенттіктің, Алматы қаласының әділет және статистика органдарының, Қазақстан Республикасының қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттіктің және "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің мүдделі бөлімшелерінің назарына жеткізілсін.

4. Агенттіктің даму департаментіне осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы қамтамасыз етілсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының бағыттаушы орынбасарына жүктелсін.

Қазақстан Республикасы
Алматы қаласының өңірлік

қаржы орталығының қызметін
реттеу Агенттігінің Төрағасы
"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Әділет министрі
12 қыркүйек 2006 жыл
"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Статистика жөніндегі

Агенттігінің төрағасы
"___" _____ 2006 жыл

Қазақстан Республикасы
Алматы қаласының
өңірлік қаржы орталығының
қызметін реттеу агенттігі
төрағасының
2006 жылғы 13 қыркүйектегі
N 11 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

**Заңды тұлғалар-Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының
қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже заңды тұлғалар-Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы қатысушыларының (бұдан әрі - қаржы орталығы) құрылатын, қайта құрылатын және таратылатын мемлекеттік тіркеуі бойынша Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің (бұдан әрі - тіркеуші органдар) әрекетін реттейді.

2. Мемлекеттік тіркеу Алматы қаласының аумағында әрекет жасайтын субъектілерге заңды тұлға мәртебесін беру тәсілі болып табылады. Қаржы орталығының әлеуетті қатысушысы ретінде мемлекеттік тіркеуге негізгі қызмет түрлеріне брокерлік және (немесе) делдал қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар жатады.

3. Заңды тұлға туралы деректерді заңды тұлғалардың бірыңғай Мемлекеттік регистріне енгізу және заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы куәлік субъектінің заңды тұлға құқықтарын иемденгенінің ресми айғағы болып табылады.

4. Тіркеуші органмен заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу:
заңды тұлғаны құру, қайта ұйымдастыру және тоқтату фактісін растау;

қаржы орталығы қатысушыларының мемлекеттік тіркелімін жүргізу; қаржы орталығының қатысушылары туралы ақпаратты (қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты қоспағанда) монополияға қарсы орган белгілеген тарифтер бойынша өткізу мақсатында іске асырылады.

5. Тіркеуші орган құрылған, қайта құрылған және таратылатын қаржы орталығының заңды тұлғалары-қатысушылары туралы мәліметтерге ие қаржы орталығы қатысушыларының мемлекеттік реестрін және электрондық регистрін (бұдан әрі - Реестр және қатысушылардың электрондық регистрі) жүргізеді.

6. Реестрді және электрондық регистрді жүргізу тәртібі тіркеуші органның ішкі құжатымен анықталады.

2. Тіркеу алымы

7. Құрылған, қайта құрылған және өз қызметін тоқтатқан заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеуден өткені үшін жинақ қаржысына төлем төлеуі мен аудару тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңдары бойынша реттеледі.

3. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тәртібі

8. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуіне мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құрылтай және басқа құжаттарының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкестігін тексеру, тіркеу нөмірін бере отырып оларға белгілі бір үлгідегі мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті беру, заңды тұлғаларды бірыңғай Мемлекеттік Реестрге енгізу үшін әділет органына заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу жатады.

Заңды тұлғаларды тіркеу немесе қайта тіркеу үшін ұсынылатын құжаттарды тексеру кезінде тіркеуші орган орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды.

9. Қаржы орталығының заңды тұлғасы-әлеуетті қатысушысын тіркеу үшін тіркеуші органға:

Белгіленген үлгіде мемлекеттік және орыс тілдерінде мемлекеттік тіркеу туралы өтініш (1 Қосымша);

мемлекеттік және орыс тілдерінде құрылтайшы және басқа да құжаттар пакеті (2 қосымшада келтірілген құжаттар тізбесі); құжаттарды беруге және алуға құқық беретін сенімхат беріледі.

10. Осы Ереженің 2 қосымшасының 2 тармақшасында қарастырылған құжаттар тіркеуші органға ағылшын тілінде берілуі мүмкін.

Мұндай жағдайларда берілген құжаттарды мемлекеттік және орыс тілдеріне аударуды тіркеуші орган қамтамасыз етеді.

11. Жоғарыда көрсетілген құжаттар ұсынылғаннан кейін:

1) тіркеуші орган бір жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар пакетінің толықтығын және олардың дұрыс дайындалғанын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкестігін тексереді;

2) құрылтай құжаттары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес келген жағдайда тіркеуші орган тіркеуші органның басшысы немесе оның орынбасары қол қоятын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы бұйрық шығарады және заңды тұлға туралы мәліметтерді Реестрге және электрондық регистріне енгізеді;

3) тіркеуші орган тіркелген заңды тұлға туралы мәліметтерді электрондық регистрінен бірыңғай Мемлекеттік регистрдің байланыс арналары арқылы электрондық хабарлама жүзінде мемлекеттік статистика органына жібереді;

Бұл жағдайда тіркеуші органның заңды тұлғалардың бірыңғай Мемлекеттік регистріне қол жетімділігі жөн;

4) мемлекеттік статистика органы байланыс арналары арқылы алған электрондық хабарламаға сүйене отырып бір жұмыс күн ішінде заңды тұлғаларға біріздендірілген сәйкестендіру және басқа жүйелі-есепті кодтарын береді; заңды тұлғалар туралы мәліметтерді бірыңғай мемлекеттік статистика регистріне енгізеді;

5) мемлекеттік статистика органы заңды тұлғаға біріздендірілген сәйкестендіру және басқа да жүйелі-есепті кодтарды бергеннен кейін бір жұмыс күн ішінде салық төлеушіні тіркеуден өткізу үшін салық органына хабарлама жібереді;

6) Тіркеуші орган тізімдеме бойынша статистика органы және салық органы ұсынған статистикалық карточканы, салық төлеушінің куәлігін алады (4 қосымша);

7) тіркеуші орган құрылтай және басқа құжаттардың бір-бір данасы бар істі ресімдейді (сәйкес штамптар мен мөрлерді қояды);

8) істі ресімдегеннен кейін тіркеуші орган заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуі туралы белгіленген үлгідегі куәлігін (5 қосымша), салық төлеушінің куәлігін, статистикалық карточкасын, сондай-ақ құрылтай құжаттарының түпнұсқаларын береді;

9) заңды тұлғалар - Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушылары туралы мәліметті заңды тұлғалардың бірыңғай Мемлекеттік регистріне енгізу мақсатында тіркеуші орган әділет органына тиісті хабарлама жібереді;

10) тіркеуші орган заңды тұлғаның құрылтай құжаттары мен заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуі жүргізілген туралы бұйрықтың үшінші данасын салық органына жібереді.

4. Заңды тұлғаны қайта тіркеу

12. Заңды тұлға мынадай жағдайларда қайта тіркеуге жатады:

1) жарғылық капитал мөлшері азайғанда;

2) атауы өзгергенде;

3) шаруашылық серіктестіктеріндегі қатысушылардың (саны жүз және одан да көп қатысушылары бар шаруашылық серіктестіктерін қоспағанда) құрамы өзгергенде .

Өкілетті орган шешімі қабылданған сәттен бастап бір айдың ішінде заңды тұлға тіркеуші органға қажетті құжаттар пакетімен қоса ұсына отырып қайта тіркеу туралы арыз беруге міндетті.

Қатысушылар құрамының өзгеруі, атауының өзгеруі немесе жарғылық капиталының азаюы негізінде заңды тұлғаның қайта тіркеуі қайта құрудың келесі жағдайларында болуы мүмкін .

Қосу барысында бір және бірнеше заңды тұлғалар таратылып, өткізу қажетіне сәйкес қосылған заңды тұлғалардың міндеттері мен құқықтарын иемденетін бір заңды тұлғаның іріленуі жүзеге асады. Қосылған заңды тұлғалар Тіркелімнен шығарылуға тиіс, бұл туралы мемлекеттік қайта тіркеу туралы бұйрықта бірден көрсетіледі. Егер қосылу нәтижесінде заңды тұлға қайта тіркеуге тиісті болмаса, онда қосылатын заңды тұлғаның тіркелуін (қайта тіркелуін) тіркеуді жүзеге асырған тіркеуші орган қосылу туралы шешімі мен беру актісінің негізінде қосылған заңды тұлғаларды Тіркелімнен шығару туралы бұйрық шығарады. Тіркеуші органға кредиторларды хабардар ету тәсілі, сондай-ақ заңды тұлғаның қайта құрылуы туралы хабарлама жарияланған бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылған күні мен нөмірі көрсетілген еркін түрдегі жазбаша өтініші беріледі. Егер қайта құру нәтижесінде қосып алушы заңды тұлға қайта тіркеуге жатса, онда қосылатын заңды тұлғаны Тіркелімнен шығаруды қайта тіркеуге құжаттар пакеті тапсырылған тіркеуші орган жүзеге асыра алады. Осы жағдайда заңды тұлғаны қайта тіркеу және қосылған заңды тұлғаны Тіркелімнен шығару туралы бұйрықтың көшірмесі бұрынғы тіркеуші органға жіберілуі тиіс. Бұл жағдайларда соңғылардың құрылтай құжаттарының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің түпнұсқалары алынады. Тіркелімнен шығару заңды тұлғаның қызметінің тоқтатылғаны туралы жазба бойынша жүргізіледі. Бұйрықта қосылған заңды тұлғалардың және оларды қосып алған заңды тұлғаның толық атаулары көрсетілуге тиіс .

Бөліп шығару барысында бір заңды тұлғаның құрамынан бір және бірнеше заңды тұлғалар бөлініп шығады. Бұл жағдайда алғашқы заңды тұлғаның әрекеті тоқтатылмайды, ал бөлініп шыққан (жаңадан пайда болған) заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуден өтеді. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 42-бабы 6-тармағында көрсетілген негіздер бар болған жағдайда алғашқы заңды тұлға қайта тіркеледі. Қайта құрылған заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттері бөлінген әрбір заңды тұлғаға бөлу балансына сәйкес беріледі.

13. Заңды тұлғаны қайта тіркеу үшін тіркеуші органға:
заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы белгіленген үлгідегі арызы;
құрылтай құжаттарына өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы өкілді
органның заңды тұлғаның мөрімен бекітілген шешімі немесе шешімнің
к о ш і р м е с і ;

өзгерістер (толықтырулар) енгізілетін құрылтай құжаттар. Мұнда өзгерістер (толықтырулар) енгізу екі тәсілмен: жаңа редакцияда құрылтай құжаттарына жасау немесе өзгерістерді (толықтыруларды) бұрынғы құрылтай құжаттарға қосымша түрінде ресімдеу мүмкін;

бұрынғы құрылтай құжаттарының түпнұсқалары;
мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің түпнұсқалары, статистика карточкасының және салық төлеушінің куәлігінің түпнұсқалары;
қайта тіркеу үшін алымның төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі ұсынылады.

Көрсетілген құжаттардың тізімі қайта тіркеуден өтудің барлық жағдайларында ұсынылады.

14. Қайта тіркеудің негіздеріне қарай заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес тіркеуші органға басқа құжаттарды ұсынуы тиіс. Шаруашылық серіктестігі құрамынан шыққан жағдайда, саны жүз және одан да көп қатысушылары бар шаруашылық серіктестіктерін қоспағанда, қатысушылар құрамының өзгеруі негіздемесі бойынша қайта тіркеу үшін Қазақстан Республикасының заңдарына және құрылтай құжаттарына сәйкес шығып кететін қатысушының, мүліктегі (жарғылық капиталдағы) үлеске құқығы оның иелігінен шығарылғанын (басқа біреуге берілгенін) немесе басқаға ауысқанын растайтын құжат ұсынылады. Заңды тұлға қайта құрылғанда тіркеуші органға осы Ереженің 18 тармағында аталған құжаттардан басқа қайта құрылған заңды тұлғаның міндеттері бойынша құқықтық мұрагерлік туралы ереже (мәлімет) көрсетілген бөлу балансы немесе өткізу акті ұсынылады.

15. Құжаттар ұсынылғаннан кейін тіркеуші орган:
ұсынылған құжаттар пакетінің толықтығын және олардың дұрыс жасалғандығын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкестігін т е к с е р е д і ;

мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы бұрынғы куәліктің күшін жою туралы және қолданыстағы заңдар бұзылмаған жағдайда белгіленген тәртіпке сәйкес заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы бұйрық шығарады;

Реестрге және электрондық регистрге заңды тұлға туралы мәліметтерді е н г і з е д і ;

тіркеген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде мемлекеттік статистика

органына заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркегені туралы хабарлама жібереді;

заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы белгіленген үлгідегі куәлік береді.

істі жаңа құрылтай құжаттармен немесе бұрынғы құрылтайшы құжаттарға қосымша ретінде енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар, сондай-ақ бұрынғы куәліктің түпнұсқасымен, статистикалық карточканың, салық төлеушінің куәлігінің түпнұсқаларымен және заңды тұлғаның басқа құжаттарымен толықтырады. Іс қалыптастырылып болғаннан кейін (тиісті мөртабандар мен мөрлер қойылғаннан кейін) құрылтай құжаттардың түпнұсқасы өкілетті тұлғаға қ а й т а р ы л а д ы ;

заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеуін жүргізгендігі туралы мәліметті бірыңғай Мемлекеттік регистріне енгізу үшін әділет органына хабарлайды.

16. Заңнамалық актілерінде қарастырылған негіз бойынша заңды тұлғаның қайта тіркелуінсіз құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер жарамсыз болып табылады.

5. Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізудің тәртібі

17. Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі қайта тіркелуге апарып соқпайтын және алымды төлемей-ақ жүзеге асатын басқа мәліметтердің өзгеруі туралы хабарлауға міндетті. Заңды тұлға құрылтай құжаттарына мұндай өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін жағдайда бұл жайлы бір ай мерзім ішінде тіркеуші органға хабарлауға тиіс.

18. Қайта тіркелуге әкеліп соқпайтын өзгерістер мен толықтыруларды құрылтай құжаттарына енгізу үшін тіркеуші органға:
ө з е р к і м е н ж а з ы л ғ а н а р ы з ;

құрылтай құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды тұлғаның өкілді органының мөрі басылған шешімі немесе одан келтірілген үзінді ;

бұрынғы құрылтай құжаттарына қосымша ретінде немесе құрылтай құжаттары жаңа редакция түрінде рәсімделуі мүмкін болатын заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына өзгерістері мен толықтыруларының үш данасы. Егер заңға сәйкес құрылтай құжаттарды нотариалды куәландыру қажет болса, онда оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар да нотариалды тәртіпте к у ә л а н д ы р ы л у ы қ а ж е т ;

бұрынғы құрылтай құжаттарының мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің, статистикалық карточкасы мен салық төлеушінің куәлігінің түпнұсқалары ұсынылады.

19. Тіркеуші орган көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін: олардың дұрыс жасалғандығын және енгізілетін өзгертулер мен

толықтырулардың заңға сәйкестігін тексереді;
кемшіліктері болмаған жағдайда құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу туралы бұйрық шығарады;
Тіркелімге және заңды тұлғалардың электрондық регистріне заңды тұлғалар туралы жаңа деректерді енгізеді;
тіркеген күннен кейін бір жұмыс күні ішінде мемлекеттік статистика органына заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістермен толықтырулардың тіркелгені туралы хабарлама жібереді;
өзгерістер мен толықтырулар ресімделгеннен (тиісті мөртабандар мен мөр қойылғаннан) кейін бір данасы заңды тұлғаның өкілетті тұлғасына қайтарылады, ал өзге құжаттар заңды тұлғаның тіркеу істеріне тігіледі. Құрылтай құжаттары жаңа редакцияда тапсырылған жағдайда, бұрынғы құрылтай құжаттарының түпнұсқалары қайтарылуға жатпайды;
заңды тұлғалардың бірыңғай Мемлекеттік регистріне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне тіркеу жүргізгендігі туралы әділет органына хабарлайды.

20. Алматы қаласының аумағында заңды тұлғаның мекен-жайы өзгерген жағдайда тіркеуші орган:

құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы қайта толтырылған куәлікті беру және бұрынғы куәлікті жою туралы бұйрық шығарады;

Реестрге және заңды тұлғалардың регистріне электрондық заңды тұлғаның мекен-жайы туралы мәліметтерді енгізеді;

жаңа мекен-жайы, жаңа тіркелген нөмірі және заңды тұлғаның жаңа тіркелген (қайта тіркелген) күні көрсетілген заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы белгілі үлгідегі куәлікті және статистикалық карточканы береді. Тіркеуші органның тиісті мөртабандары мен мөрлері қойылғаннан кейін құрылтай құжаттың түпнұсқасы уәкілетті тұлғаға беріледі;

бұрынғы статистикалық карточкасының түпнұсқалары мен тапсырылған өзге де құжаттарды заңды тұлғаның тіркеу материалдарына тігеді.

6. Тіркеу туралы куәліктің телқұжатын беру

21. Заңды тұлғаның өтініші бойынша тіркеуші орган үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің телқұжатын береді.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік дубликатын беру үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені үшін алым алынады.

7. Заңды тұлғаны таратуды тіркеу

22. Заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған заңды тұлғаның мүлкінің меншік иесі немесе уәкілетті орган бұл жайында тіркеуші органға бірден хабарлауға міндетті.

23. Тіркеуші орган, заңды тұлғаны тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы шешімді алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған тарату немесе қайта ұйымдастыру тәртібінің сақталуын тексереді.

Заңды тұлғаның таратылу негіздемесі бойынша қызметінің тоқтатылуын
т і р к е у ү ш і н :

1) белгіленген нысан бойынша таратылуды тіркеу туралы өтініш (6 қосымша)
;

2) заңды тұлғаның мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның не оған заңды тұлғаның мөрі басылған құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берген заңды тұлға органының шешімі;

3) құрылтай құжаттары, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік және
с т а т и с т и к а л ы қ к а р т о ч к а ;

4) заңды тұлғаның таратылуы, кредиторлар қойған талаптарды мәлімдеудің тәртібі мен мерзімдері туралы баспасөз басылымдарында ақпараттың жарияланғанын
р а с т а й т ы н к ұ ж а т ;

5) таратылатын заңды тұлға мүлкінің құрамы, кредиторлар мәлімдеген талаптардың тізбесі туралы мәліметтер қамтылған аралық тарату балансы,
с о н д а й - а қ о л а р д ы қ а р а у н ә т и ж е л е р і ;

б) т а р а т у б а л а н с ы ;

7) заңды тұлға мүлкі меншік иесінің немесе заңды тұлғаны тарату туралы, заңды тұлғаның мөрі басылған аралық және тарату баланстарын бекіту туралы шешімді қабылдаған өзге органның шешімі;

8) заңды тұлғаның мөрінің жойылғандығы туралы құжаты;

9) салық берешегінің жоқ екендігі туралы анықтама;

10) акция шығарылымдарының (акционерлік қоғамдар үшін) күші жойылғандығы туралы қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның хабарламасы;

11) заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелгені үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат табыс етіледі.

Соттың шешімі бойынша таратылған заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын тіркеу, сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

Тіркеуші орган осы Ереженің 23-тармағында көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін 7 күн ішінде:

заңмен және заңды тұлғаның жарғысымен қарастырылған тарату тәртібінің
с а қ т а л у ы н т е к с е р е д і ;

Заңды тұлғаның таратылуын тіркеу, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті жою және оны Реестрдің шығару туралы бұйрық шығарады. Заңды тұлғаны таратудың белгіленген тәртібін бұзушылық анықталған жағдайда тіркеуші орган тіркеуден бас тарту туралы бұйрық шығарады.

Реестрге және заңды тұлғалардың электронды регистрін заңды тұлға қызметінің тоқтатылғандығы туралы мәліметтерді енгізеді;

Заңды тұлғаның қызметін тоқтатқандығын тіркеу туралы әділет органына х а б а р л а й д ы .

Құрылтай құжаттары, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік және статистикалық карточканың түпнұсқалары, сондай-ақ таратуды тіркеуге ұсынылған өзге де құжаттар тіркеуші органда сақталады.

24. Сот банкрот деп таныған заңды тұлғаны таратуды тіркеу банкрот деп тану туралы сот шешімі және байқау өндірісінің аяқталғаны туралы сот анықтамасы негізінде жүзеге асырылады. Бұл жағдайда тіркеуші органға таратуды тіркеу туралы арызды тапсыру қажет емес.

8. Мемлекеттік тіркеу мерзімі. Тіркеуден бас тарту

25. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттармен қоса берілген өтініш үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.

26. Құжаттардың толық емес пакеті ұсынылған, оларды қарастыру барысында анықталған жетіспеушіліктер болған, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының {маманның} қорытындысы немесе аударым және нотариалды растау қажет болған жағдайларда, сондай-ақ заңнамалық актілері қарастыратын басқа да негіздемелер бойынша мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) мерзімі үзіледі.

27. Егер заңды тұлға заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу күнінен бастап алты ай ішінде делдал және (немесе) дилерлік қызметтерді жүзеге асыруға қаржы рыногы және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органнан лицензия алмаған жағдайда тіркеуші орган мамандандырылған қаржы сотына заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату туралы арыз беруге құқылы.

28. Заңды тұлғаны құрудың және қайта ұйымдастырудың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібін бұзу, құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес келмеуі, сондай-ақ табыстау актісін немесе бөлу балансын, ұсынбау не оларда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқық мұрагерлігі туралы ережелердің болмауы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден және қайта тіркеуден бас тартуға әкеп соғады.

29. Тіркеуден бас тартқан немесе тіркеу мерзімін үзген жағдайларда тіркеуші орган нақты заңның (оның нақты бабының) бұзылғанына сілтемесі бар бұйрық

шығарады. Бас тартылған жағдайда өтініш, заңдарға қайшылығы бар құжаттар және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) үшін төленген алым қайтарылуға жатпайды.

30. Тіркеу (қайта тіркеу) мерзімінің үзілісі жарияланған жағдайда тіркеу (қайта тіркеу) мерзімінің үзілісіне себеп болған, қолданып жүрген заңға қайшылығы бар құжаттар қайтарылмайды. Үзілістен кейін мерзімнің өтуі қайтадан басталады: үзіліске дейін өткен уақыт жаңа мерзімге есептелмейді.

31. Құрылтай құжаттарына мемлекеттік қайта тіркеуге әкеліп соқпайтын өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуін тіркеу заңды тұлғаны тіркеу үшін осы Ережеде қарастырылған мерзімдерде жүзеге асырылады. Құжаттардың толық емес пакеті ұсынылып немесе оларда заңға қайшылықтар болған жағдайда тіркеуші орган құрылтай құжаттарына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуден бас тартады.

Заңды тұлғалар-Алматы
қаласының өңірлік қаржы
орталығының қатысушыларын
мемлекеттік тіркеу
(қайта тіркеу) Ережесіне

1 қосымша

Тіркеуші органның атауы

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы өтініш

1. Ұйым нысаны (тиісті х ұясында көрсетіңіз) заңды тұлға _____

2. Заңды тұлғаның атауы _____

3. Заңды тұлғаның құрамында қатысу
Шетел инвесторлары (тиісті х ұясында көрсетіңіз)

1) иә _____ 2) жоқ _____

4. Заңды тұлға еншілес ұйым болып табылады (тиісті х ұясында
к ө р с е т і ң і з)

1) иә _____ 2) жоқ _____

5. Типтік жарғы негізінде заңды тұлғаның қызметін жүзеге асыру
(тиісті х ұясында көрсетіңіз)

1) иә _____ 2) жоқ _____

6. Заңды тұлғаның мекен-жайы

Почта индексі: _____

Қаладағы ауданы: _____

Көше, ықшамаудан, махалла, тұйық көше,
даңғыл: _____

үйдің нөмірі: _____

пәтер, бөлме: _____

телефон нөмірі: _____

факс нөмірі: _____

7. Заңды тұлғаның басшысы туралы мәлімет (тиісті х ұясында көрсетіңіз) Қазақстан Республикасының азаматы _____

2) шетел азаматы _____

3) азаматтығы жоқ тұлға _____

Аты-жөні _____

Жеке басын куәландыратын құжат: _____

Нөмірі, жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күні, кіммен берілді _____

Тұрақты мекендейтін елі _____

СТН, (жоқ болған жағдайда азаматтығы тіркелген елдегі салық тіркеу нөмірі) _____

Телефон нөмірі: _____

Факс нөмірі: _____

Е-mail: _____

8. меншік нысаны {тиісті х ұясында көрсетіңіз) _____

1) мемлекеттік _____ 2) жекеменшік _____

9. негізгі қызмет түрі: _____

10. Жарғы капиталының көлемі _____

11. Жарғы капиталының түрі (бейрезидент үшін) _____

12. Заңды тұлғаның құрылтайшылар құрамы (тиісті х ұясында көрсетіңіз) _____

2) жеке тұлға _____

З а ң д ы т ұ л ғ а (р е з и д е н т)

Атауы _____

Тіркеу және қайта тіркеу датасы _____

ОҚЖК коды _____

СТН _____

Жарғы капиталындағы үлесі % _____

Салым сомасы (мың теңге, шетел валютасы) _____

Заңды тұлға (бейрезидент) _____

Тіркелу елі _____

атауы _____
сауда тізілімінен алынған көшірге немесе субъектінің заңды тұлға екендігін растайтын басқа заңдастырылған құжатқа сәйкес тіркеу нөмірі _____

Тіркелу датасы _____

ОҚЖК коды немесе қызмет түрі _____

СТН немесе салық тіркеу нөмірі _____

Жарғы капиталындағы үлесі % _____

Салым сомасы _____

Жеке тұлға (Қазақстан Республикасының азаматы)

Аты-жөні _____

Жеке басын куәландыратын құжат: _____

Нөмірі, жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күні, кіммен берілді _____

Тұрақты мекендейтін елі _____

СТН _____

Жарғы капиталындағы үлесі % _____

Салым сомасы _____

Жеке тұлға (шетел азаматы)

Аты-жөні _____

Жеке басын куәландыратын құжат: _____

Нөмірі, жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күні, кіммен берілді _____

Тұрақты мекендейтін елі _____

Салық тіркеу нөмірі _____

Жарғы капиталындағы үлесі % _____

Салым сомасы _____

13. күтілетін (шамамен) жұмыс істейтін Адам саны _____

14. Заңды тұлғаны құру қайта құру жолы
(тиісті х ұясында көрсетіңіз)

1) қайта құру _____ 2) қосылу _____

3) бөлу _____ 4) бөліну _____

15. қайта ұйымдастыруға қатысатын заңды тұлғалардың саны _____

16. Қайта құрылған жағдайда келесі мәліметтерді көрсету қажет:

Заңды тұлғаның бұрынғы атауы _____

ОҚЖК коды _____

СТН _____

17. Қосылған жағдайда келесі мәліметтерді көрсету қажет:

Қосылуға қатысатын заңды тұлғалардың атауы _____

ОҚЖК коды _____

СТН _____

18. Бөлу кезінде келесі мәліметтерді көрсету:
Жаңа заңды тұлға бөлінген жұмыс істейтін заңды тұлғаның атауы _____

ОҚЖК коды _____

РНН _____

19. Бөліну кезінде келесі мәліметтерді көрсету:
Базасында заңды тұлға құрылған заңды тұлғаның атауы _____

ОҚЖК коды _____

СТН _____

Өтініш берушінің аты-жөні және қолы
" " _____ 200__ жыл.

Заңды тұлғалар - Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) Ережесіне

2 қосымша

Тіркеуге ұсынатын құжаттардың тізімі

1. Қаржы орталығының заңды тұлға-қатысушысын мемлекеттік тіркеу үшін келесі құжаттар ұсынылады:

тіркеу туралы өтініш;
жарғының үш данасы;
үш дана құрылтай жиналысының хаттамасы;
сенімхат (екі дана)

Қаржы орталығының заңды тұлға-қатысушысының тұрған жерін растайтын құжат;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет алдында құрылтайшылардың берешегі жоқ екендігі туралы анықтама;
тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

Ескерту:

Мына жағдайда, егер серіктестік құрылтайшылары өз қызметін серіктестіктің Үлгі жарғысы негізінде жүзеге асыру жөнінде шешім қабылдаған болса, серіктестікті мемлекеттік тіркеу кезінде жарғыны ұсыну талап етілмейді.

Осы жағдайда арызға барлық құрылтайшылар қол қояды, қолдардың растығы нотариалды куәландырылады.

2. Шетел қатысатын заңды тұлғаларды тіркеу кезінде 1 тармақта көрсетілген құжаттардан басқа, егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық

шарттарда өзгеше белгіленбесе, осы тәртіппен көзделген құжаттардан басқа,
қ о с ы м ш а :

Құрылтайшы - шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңдары бойынша заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын сауда тізілімінен заңды көшірмесі немесе басқа да заңы құжат мемлекеттік және орыс тілдеріне нотариалдық жолмен куәландырылған аудармасымен қоса.

Құрылтайшының-шетелдік жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын паспорттың көшірмесі немесе басқа да құжат мемлекеттік және орыс тілдеріне нотариалдық жолмен куәландырылған аудармасымен қоса табыс етілуге тиіс.

Заңды тұлғалар-Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) Ережесіне

3 қосымша

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, заңды тұлғаның орналасу орнының өзгеруі, заңды тұлғаның атауы туралы

ХАБАРЛАМА

1.	Сәйкес ұяшықта "X" көрсетіңіз	
1.1.	Тіркеу	
1.2.	Қайта тіркеу	
1.2.1.	Жарғылық капитал көлемінің кішіреюі	
1.2.2.	Атаудың өзгеруі	
1.3.	Қайта тіркеуге қатысы жоқ құрылтай құжаттарға өзгерістер енгізу	
1.3.1.	Орналасу орнының өзгеруі	
1.3.2.	Жарғылық капиталдың көбеюі және жарғыға енгізілетін басқа редакциялық өзгерістер	
2.	Ұйым нысаны (сәйкес ұяшықта "X" көрсетіңіз)	
2.1.	Заңды тұлға	
3.	Заңды тұлғаның толық атауы (болған жағдайда ағылшын тілінде толтырылады)	
3.1.	Мемлекеттік тіл	
3.2.	Орыс тілі	
3.3.	Ағылшын тілі	
4.	Заңды тұлға атауының қысқартылуы (аббревиатура)	
4.1.	Мемлекеттік тіл	
4.2.	Орыс тілі	

4.3.	Ағылшын тілі	
5.	СТН 6	
6.	ОҚЖК коды	
7.	Мемлекеттік (есептік) тіркеу туралы тіркеуші органның мәліметі:	
7.1.	Әділет органында заңды тұлғаның тіркеу нөмірі	
7.2.	Заңды тұлғаның тіркелу (қайта тіркелу) датасы	
8.	Заңды тұлға сәйкес ұяшықта "X" көрсетіңіз:	
8.1.	Резидент	
8.2.	Бейрезидент	
8.3.	Заңды тұлға Қазақстан Республикасының резиденті болып саналған жағдайда оның шетелдік қатысуы барын көрсету қажет:	
8.3.1.	Иә	
8.3.2.	Жоқ	
9.	"бейрезидент" жолын белгілеген жағдайда келесі жолдар толтырылады:	
9.1.	ҚР-нда қызметін жүзеге асыруының басталу датасы (датасы, айы, жылы)	
9.2.	Резиденттік елінде бейрезиденттің тіркелуі туралы мәліметтер: (сауда тізілімінің үзіндісі, инкорпорация куәлігінің немесе резидент елінде бейрезиденттің заңды тіркелуін растайтын басқа құжаттың негізінде толтырылады)	
9.2.1	Сауда тізілімінің үзіндісіне немесе субъект өз елінің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын растайтын басқа да ресмилендірілген құжатқа сәйкес тіркеу нөмірі	
9.2.2.	Тіркеу датасы	
9.2.3.	Ұйымдастырушы-құқықты нысан	
9.2.4.	Резиденттік еліндегі заңды тұлғаның толық атауы	
9.2.4.1	Мемлекеттік тіл	
9.2.4.2	Орыс тілі	
9.2.4.3	Ағылшын тілі	
9.2.5.	Инкорпорация еліндегі заңды тұлғаның (бас ұйымның) мекен-жайы (орналасу орны)	
9.2.5.1	Елдің коды көрсетілген резиденттікті тіркеу елі	
9.2.5.2	Аудан, қала\район, көше, корпус, пәтер нөмірлері	
9.2.6.	Резиденттік елінде тіркеуші орган туралы мәліметтер:	
9.2.6.1	Тіркеуші органның атауы	
9.2.6.2	Тіркеуші органның заңды мекен-жайы	
9.2.6.2.1	Елдің коды көрсетілген резиденттікті тіркеу елі	
9.2.6.2.2	Аудан, қала\район, көше, корпус, пәтер нөмірлері	
9.2.7.	Резиденттік елінде заңды тұлғаның жарғылық капиталы туралы мәліметтер:	
9.2.7.1.		

	Жарғылық капиталдың түрі	
9.2.7.2.	Жарғылық капиталдың көлемі	
9.2.8.	Қызмет түрі (заңды тұлғаны құру мақсаты) - толтыру үшін бірнеше жолды қарастыру қажет	
9.2.9.	Заңды тұлға-бейрезиденттің басшысы туралы мәліметтер:	
9.2.9.1	Мемлекеттік тіл	
9.2.9.1.1.	Фамилиясы	
9.2.9.1.2.	Аты	
9.2.9.1.3.	Тегі	
9.2.9.2	Орыс тілі	
9.2.9.2.1.	Фамилиясы	
9.2.9.2.2.	Аты	
9.2.9.2.3.	Тегі	
9.2.9.3	Ағылшын тілі	
9.2.9.3.1.	Фамилиясы	
9.2.9.3.2.	Аты	
9.2.9.3.3.	Тегі	
9.2.10	Телефон	
9.2.11	Факс	
9.2.12	e-mail	
9.2.13.	Инкорпорация елінде заңды тұлғаның салықтық тіркеу нөмірі (СТН ұқсас) резиденттік елінің салық органынан берілген анықтама (бар болған жағдайда) негізінде толтырылады.	
9.2.14.	Инкорпорация елінде бейрезиденттің тіркеу тәртібінің ерекшеліктері:	
9.2.14.1.	ҚЭА (қажет болған жағдайда жолда "X" белгілеу)	
9.2.14.2	Офшорлы құқықтық өкілеттікте болған жағдайда жолда (қажет болған жағдайда жолда "X" белгілеу)	
9.2.14.3	Басқа (тіркеу тәртібінің атауын жазу)	
10.	Ұйымдастыру-құқықты нысан (сәйкес ұяшықта "X" белгілеу)	
10.1.	Акционерлік қоғам	
10.2.	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік	
10.3.	Басқа да нысандар	
11.	Заңды тұлғаның, филиалдың немесе өкілдіктің атауы, орналасқан орны өзгеруінің есептік тіркеу (қайта тіркеу) жүзінде ғана толтырылады (егер филиал немесе өкілдік бейрезидент болып саналса тиісті жол толтырылмайды)	
11.1.	Филиалды (өкілдікті) құрастыратын заңды тұлғаның толық атауы	
11.1.1.	Мемлекеттік тіл	
11.1.2.		

	Орыс тілі	
11.1.3.	Ағылшын тілі	
11.2.	Филиалды (өкілдікті) құрастыратын заңды тұлғаның заңды мекен-жайы	
11.3.	Филиалды (өкілдікті) құрастыратын заңды тұлғаның СТН	
11.4.	Филиалды (өкілдікті) құрастыратын заңды тұлғаның ОҚЖК	
12.	Тіркелетін заңды тұлғаның (филиалдың, өкілдіктің) орналасу орны туралы мәліметтер	
12.1.	Почта индексі	
12.2.	Ауданы	
12.3.	Қала\район	
12.4.	Қала ішіндегі район	
12.5.	Елді мекен (село, поселке)	
12.6.	Көше, ықшам аудан, махалла, тұйық көше, даңғыл	
12.7.	Үйдің N	
12.8.	Пәтер (офис) N	
12.9.	Телефон нөмірі	
12.10.	Факс нөмірі	
12.11.	Электрондық почтаның мекен-жайы	
13.	Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) басшысы:	
13.1.	Қазақстан Республикасының жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес аты-жөні	
13.1.1	Фамилиясы	
13.1.2	Аты	
13.1.3	Тегі	
13.2.	Жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес аты-жөні (болған жағдайда бейрезидент үшін ағылшын тілінде толтыру)	
13.2.1	Фамилиясы	
13.2.2	Аты	
13.2.3	Тегі	
13.3.	Телефон	
13.4	Факс	
13.5.	e-mail	
13.6.	СТН	
13.7.	ҚР азаматтығының жеке басын куәландыратын құжат	
13.7.1	Сериясы	
13.7.2	Берілген датасы	
13.7.3		

	Кіммен берілген	
13.8.	Басшы шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ тұлға болып табылған жағдайда:	
13.9.	Тұрақты тұрғылықты елдің атауы (басшы шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ тұлға болып табылған жағдайда толтырылады)	
13.9.1.	СТН болмаған жағдайда тіркелуші (азаматтық) елдің салықтық тіркеу нөмірі (СТН) көрсетіледі (шетел азаматымен немесе азаматтығы жоқ тұлғалармен ғана толтырылады)	
13.9.1.1.	СТН	
13.9.1.2	Бейрезиденттің салықтық тіркеу нөмірі	
13.9.2.	Шетел азаматтың немесе азаматтығы жоқ тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат:	
13.9.2.1	Құжат атауы	
13.9.2.2	Сериясы, нөмірі	
13.9.2.3	Берілген датасы	
14.	Қаржылық қызметінің түрі (ЭҚСТ мемлекеттік классификаторына сәйкес):	
14.1.	Негізгі:	
14.1.1.	Атауы	
14.1.2.	Коды	
14.1.3.	%	
14.2.	Басқалар (кайталамалар):	
14.2.1.	Атауы	
14.2.2.	Коды	
14.2.3.	%	
	Біреуден көп басқа да қызмет түрлерінің болуы жағдайында ұқсастығына қарай келесі жолдарды толтыру қажет:	
15.	Жеке меншік нысаны:	
15.1.	Мемлекеттік	
15.2.	Жеке	
16.	Орын алған ___ адамның күтілетін (шамамен) саны	
17.	Құрылтайшылардың (қатысушылардың) салымдары бойынша, олардың үлестерін (мың теңге) көрсете отырып жарғылық капиталды тарату:	
17.1.	Мемлекеттік (мың теңге, %)	
17.2.	Жеке меншік (мың теңге, %)	
18.	Құрылтайшылар (қатысушылар) құрамы:	
19.	Занды тұлға-құрылтайшылар:	
19.1.	Құрылтайшы атауы	
19.1.1.	Мемлекеттік	
19.1.2.		

	Орыс тілі	
19.2.	Құрылтайшының елі (құрылтайшы бейрезидент болып табылған жағдайда)	
19.3.	Резидент құрылтайшысының ОҚЖК, не болмаса бейрезидент үшін қызметтің түрі	
19.4.	Инкорпорация елінде құрылтайшының СТН (салықтық тіркеу нөмірі (СТН ұқсас) (бейрезидентпен толтырылады)	
19.4.1.	СТН	
19.4.2.	Бейрезиденттің салықтық тіркеу нөмірі	
19.4.3.	Жарғылық капиталындағы % үлесі	
19.4.4.	Салым сомасы (мың теңге)	
	Құрылтайшылар саны біреуден көп болған жағдайда Хабарламаға ұқсастығы бойынша жолдарды толықтыру қажет	
19.2.	Жеке тұлға-құрылтайшылар	
19.2.1.	Қазақстан Республикасының азаматтығының жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес аты-жөні (бар болған жағдайда бейрезиденттер үшін ағылшын тілінде толтыру)	
19.2.1.1	Фамилиясы	
19.2.1.2	Аты	
19.2.1.3	Тегі	
19.2.3.	Инкорпорация елінде құрылтайшының СТН (салықтық тіркеу нөмірі (СТН ұқсас) (бейрезиденттермен толтырылады)	
19.2.3.1.	СТН	
19.2.3.2.	Бейрезиденттің салықтық тіркеу нөмірі	
19.2.4.	Жарғы капиталындағы % үлесі	
19.2.5.	Салым сомасы (мың теңге)	
	Құрылтайшылар саны біреуден көп болған жағдайда Хабарламаға ұқсастығы бойынша жолдарды толықтыру қажет	
20.	Қайта ұйымдастыру заңды тұлғаның құрылуына негіз болады (сәйкес ұяшықта "X" белгілеңіз):	
20.1.	Келіп қосылуы	
20.2.	Бірігіп қосылуы	
20.3.	Бөлінуі	
20.4.	Бөлініп шығуы	
20.5.	Қайта құруы	
20.6.	Жоғарыда көрсетілген жолдарда "X" белгілеген жағдайда келесі сәйкес жолдардың біреуін толтыру қажет:	
20.6.1.	Заңды тұлғалардың келіп қосылу нәтижесінен құрылған (атауын, СТН және ОҚЖК, келіп қосылуға қатысқан тұлғаларды көрсету)	
20.6.1.1.	СТН	
20.6.1.2.		

	ОҚЖК	
	Келіп қосылған заңды тұлғалардың саны біреуден көп болған жағдайда Хабарламаға ұқсастығы бойынша жолдарды толықтыру қажет	
20.6.2.	Заңды тұлғалардың қосылу нәтижесінен құрылған (атауын, СТН және ОҚЖК, қосылуға қатысқан тұлғаларды көрсету)	
20.6.2.1.	Қосылған заңды тұлғаның толық атауы	
20.6.2.2.	СТН	
20.6.2.3.	ОҚЖК	
	Қосылған заңды тұлғалардың саны біреуден көп болған жағдайда Хабарламаға ұқсастығы бойынша жолдарды толықтыру қажет	
20.6.3.	Заңды тұлғалардың бөліну нәтижесі болып табылу (қайта құрылған заңды тұлғалардың атауын, СТН және ОҚЖК, көрсету)	
20.6.3.1.	Жойылатын заңды тұлғаның толық атауы	
20.6.3.2.	СТН	
20.6.3.3.	ОҚЖК	
20.6.4.	Әрекет етуші заңды тұлғалардың құрамынан бөліну нәтижесі болып табылу (заңды тұлға бөлініп шыққан, әрекет етуші заңды тұлғалардың атауын, СТН және ОҚЖК, көрсету)	
20.6.4.1.	Әрекет етуші заңды тұлғаның толық атауы	
20.6.4.2.	СТН	
20.6.4.3.	ОҚЖК	
20.6.5.	Заңды тұлғаны қайта құру нәтижесінде құрылды (заңды тұлғаның бұрынғы атауын, СТН, ОҚЖК, көрсету)	
20.6.5.1.	Қайта құруға дейінгі заңды тұлғаның бұрынғы атауы	
20.6.5.2.	СТН	
20.6.5.3.	ОҚЖК	
21.	Жеке кәсіпкерлік субъектісі:	
21.1.	Ірі	
21.2.	Орташа	
21.3.	Шағын	
21.4.	Микробизнес	
22.	Коммерциялық, коммерциялық емес	
22.1.	Коммерциялық	
22.2.	Коммерциялық емес	
23.	Еншілес ұйым:	
23.1.	Иә	
23.2.	Жоқ	
24.		

	Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) орналасқан орны өзгерген жағдайда бұрынғы мекен-жайын көрсету:	
24.1.	Почта индексі	
24.2.	Аудан	
24.3.	Қала\район	
24.4.	Қала ішіндегі район	
24.5.	Елді мекен (село, поселке)	
24.6.	Көше, ықшам аудан, махалла, тұйық көше, даңғыл	
24.7.	Үйдің N	
24.8.	Пәтер (офис) N	
24.9.	Телефон нөмірі	
24.10.	Факс нөмірі	
24.11.	Электрондық почтаның мекен-жайы	
24.12.	Басшы (аты-жөні)	
24.13.	Басшының СТН	

Заңды тұлғалар-Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) Ережесіне

4 қосымша

Берілген құжаттардың N__ тізімдемесі			
Қ ұ ж а т т ы	б е р г е н	о р г а н н ы ң	а т а у ы
Келесі	құжаттар _____ (тіркеуші органның атауы)	-ға	берілді
1	.		
2	.		
3.			
Жеткізу	датасы _____	Уақыты _____	
Табыс	ету туралы қолы _____ (құжатты берген орган қызметкерінің аты-жөні) (қолы)		
Алу	туралы қолы _____ (Құжаттарды қабылдап алушы органның қызметкерінің аты-жөні) (қолы)		

Заңды тұлғалар-Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) Ережесіне

5 қосымша

Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі

Тіркеу нөмірі _____

_____ "____" _____ 200__ ж.

_____ қала

Атауы: _____

Орналасқан жері: _____

Куәлік Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының Қазақстан Республикасы заңдарының шеңберінде құрылтайшы құжаттарға сәйкес қызметті жүзеге асыруға құқық береді.

Басшысы

қолы

аты-жөні

М.О.

Заңды тұлғалар-Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) Ережесіне

6 қосымша

Тіркеуші органның атауы

Заңды тұлғаның таратылуын (есептен алу туралы) тіркеу туралы өтініш

1. Ұйымның нысаны (тиісті ұясында көрсетіңіз)
 - 1) заңды тұлғалар-Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының Қатысушысы (әрі қарай - қаржы орталығының қатысушысы) _____
2. Есептен алуға жататын қаржы орталығының қатысушысы-таратылатын заңды тұлғаның атауы _____
3. Қаржы орталығының қатысушысы - заңды тұлғаның тіркеу нөмірі _____
4. Тарату негізі _____
5. Қаржы орталығының қатысушысы-заңды тұлғаны тарату (тиісті ұясында көрсетіңіз)
 - 1) өз еркімен _____
 - 2) мәжбүрлеу _____
6. Тарату (есептен алу) туралы шешім қабылданды (тиісті ұясында көрсетіңіз) _____
 - 1) мүліктің иесі _____

- 2) меншік иесімен уәкіл етілген орган _____
- 3) сотпен _____
- 4) құрылтайшы құжаттармен уәкіл етілген, қаржы орталығының қатысушысы-заңды тұлғаның органы _____
7. шешім нөмірі және оның қабылданған күні _____
8. Қаржы орталығының қатысушысы-заңды тұлғаны тарату туралы хабарлама жарияланған баспа органының атауы _____
9. жарияланған нөмірі және датасы _____

10. аралық тарату балансы бекітілді (нөмірі және датасын көрсету)

11. тарату балансы бекітілді (нөмірі және датасын көрсету)

Өтініш берушінің аты-жөні және қолы

" ___ " _____ 200 __ жыл

Өтінішке қосымша беріледі: